



ЕЛ ҚАМБАСЫНДАҒЫ АСТЫҚ ЕСЕЛЕНДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сай кейінгі жылдары ауыл шаруашылығын қолдау айтарлықтай арта түсті. Биыл жеңілдікпен қаржыландыру, лизингті қоса есептегенде, 1 трлн теңгеге жеткен. Дикандарға тұқым, арзандатылған жанар-жағармай, тыңайтқыш толық жетті.

«Егіншілерімізге қажырлы әрі адал еңбектері үшін ризашылығымызды білдіреміз. Керіп отырғандай, жер жағдайы мен қолайлы ауа райы ғана емес, агротехнологияларды толық сақтау да үлкен табысқа жеткізеді. Дұрыс агротехнология – жақсы егіннің кепілі. Сонда ғана біздің өнімдеріміз экспорттық нарықтарда бәсекеге қабілетті болады», деді О.Бектенов.

Премьер-министр егін науқанының табысына ауа райы ғана емес, жаңа тәсіл мен білім себеп болғанын да айтты. Оның айтқанына, қазіргі аграрлық сала бұрынғыдай тек күшке сүйенетін сала емес, ұдайы ойланды, зерттеуді қажет ететін күрделі өңбек.

Үкімет отырысында астықты сақтау, өңдеу, сондай-ақ жаңа нарықтарға шығару бағыттары да талқыланды. Барлық астық қабылдау орындары тұрақты жұмыс істейді. Теміржол тасымалы ретімен ұымдастырылады. Өнім сапасы бақылауда болады. Жамбыл мен Түркістан өңірлерінде жүгері өңдеу, елордада крахмал өндіру, солтүстік облыстарда лизин, глютен және биоэтанол өндірістерін дамыту жоспарланып отыр. Бұл бастамалар елімізді жай ғана астық сататын ел емес, қосылған құны жоғары өнім шығаратын мемлекетке айналдыруға бағытталған.

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров Үкімет отырысында 2025 жылғы егін жинау жұмыстарының нәтижесін баяндады. Оның айтуынша, аяқталған маусым ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақты өсімін көрсетті. Биыл дәнді дақылдармен бірге бұршақты әрі майлы дақылдар бойынша да рекорд жаңарды. Бұл дақылдарға егіс алқаптарын өртарапандыру аясында ерекше көңіл бөлінді.

Министр ел көлемінде астық жинау аяқталғанын мәлімдеді. Қазіргі мәлімет бойынша 16 миллион гектар алқаптан өнім алынды. Орташа өнімділік гектарына 17 центнер болды. Қамбаға жалпы 27 млн тонна астық күйілді. Оның ішінде 12 млн 200 мың гектар жерден 20 млн 300 мың тонна бидай жиналды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда жарты миллион тоннаға артық. Бидай алқабы 900 мың гектарға қысқарса да, өнім көлемі көбейді.

Биыл 4 млн тонна арпа алынды. Бұршақ дақылдарының түсімі алғаш рет 1 млн тоннаға жетті. Майлы дақылдар бойынша да рекорд жаңарды. Қазір 4 млн 300 мың тонна өнім жиналды. Жинау жұмыстары жалғасып жатыр. Сонымен қатар 2 млн 900 мың тонна картоп, 3 млн 800 мың тонна көкөніс пен 2 млн 600 мың тонна бақша өнімдері алынды. Мақта шаруашылығы да жоғары нәтиже көрсетті. Тамшылатып суару арқылы кейбір шаруашылықтар гектарынан 50 центнер өнім жинады. Жалпы, орташа өнімділік 30 центнер деңгейінде қалыптасты. Барлығы



Еліміз биыл егін науқанын абыроймен аяқтап, қамбаға мол астық күйді. Дала еңбегінің берекесі тасып, 27 млн тоннаға жуық өнім жиналды. Үкімет отырысында Премьер-министр Олжас Бектенов биылғы жиын-терімнің нәтижесін жазирлап, ауыл шаруашылығын қолдауға мемлекет барынша қолдау білдіргенін айтты. Сондай-ақ жиында бұқаралық спорт тақырыбы да қаралды.

428 мың тонна шитті мақта өндірілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 42 пайызға көп.

«Бұл маусым ауылдың әлеуетін ашық көрсетті. Жерге көңіл бөлсек, озық тәсіл қолдансақ, нәтиже осындай болады. Фермерлер жаңалықтан қашпай, жаңа технологияға бейімделіп келеді. Қарап отырсақ, ауа райы ғана емес, адамның ойы мен еңбегі де табысқа жетелейді. Егіс алқаптарын өртарапандыру өз жемісін бере бастады. Бір дақылға қарап қалмай, сұранысы жоғары бағыттарға бет бұрған дұрыс екенін дәлелдедік. Ауыл еңбегін бағалау керек. Жерге көңіл бөлу, әрбір алқапты зерттеп егу және ғылыми ұсынысты ескеру маңызды», деді А.Сапаров.

Министркемтемігістертекаржыландыру дәстүрі жалғасынын айтты. Вегетациялық маусым қорытындысы бойынша 1 млн 800 мың тонна минералдық тыңайтқыш енгізілді. Бұл ғылыми негізделген қажеттіліктің 56 пайызын құрайды. Элиталық тұқым үлесі 9,5 пайыздан 11,5 пайызға дейін өсті.

2026 жылғы көктемгі дала жұмыстарына өтінім қабылдау 1 қазанда басталды. Қараша айының ортасынан бастап шаруаларға бір кепілмен жыл сайын несие алуға мүмкіндік беретін револверлік кредит жүйесі іске қосылады. Жеңілдетілген лизинг аясында техника жаңарту да жанданып келеді. Бағдарлама көлемі 250 млрд теңгеге жетті. Соның нәтижесінде техника тозуы екі жылда 80 пайыздан 70 пайызға төмендеді.

«Ерте қаржыландыру жүйесі шаруаның тынысын ашты. Енді бір кепілмен айналып келетін кредит тегіні енгізіп отырмыз. Яғни фермер жыл сайын қайта кепіл қоймай, тұрақты қаржыға қол жеткізеді. Мұндай

қолдау ауылды қуаттандырады. Техниканы жаңарған сайын уақыт үнемделеді. Өнім сапасы артады. Осы бағыттағы жұмысты жалғастырамыз. Ауыл экономикасы бір маусыммен өлшенбейді. Қаржы, техника, білім және жауапкершілік бірге жүргенде ғана тұрақты нәтиже болады», деді министр.

Астық өндірісі ішкі қажеттілікті толық жауып отыр. Сонымен қатар экспорт көлемі айтарлықтай артты. Өткен маусымда экспорт 47 пайызға өсіп, 13 млн 400 мың тонна болды. Мұндай өсімге экспортты субсидиялау бағдарламасы ықпал етті. Бағдарламаның мерзімі 2026 жылғы қыркүйекке дейін ұзартылды.

«Отандық астық Еуропаның және Таяу Шығыстың бірқатар еліне жөнелтілді. Биылғы жаңа өнімінен 2 млн 200 мың тонна астық экспортталды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 21 пайызға артық. Астықты терең өңдеу бойынша 5 ірі жоба іске асып отыр. Осы жобалар аясында нарыққа қосымша 2 млн 500 мың тонна астық бағытталмақ. Қазақ астығын әлем таниды. Биыл біздің өнім Бельгия, Португалия, Норвегия, Ұлыбритания, Вьетнам және Біріккен Араб Әмірліктеріне жеткізілді. Батыс та, Шығыс та сапаны мойындап отыр. Енді астықты терең өңдеу бағытын күшейтеміз. Бұл ауылға қосымша табыс әкеледі. Ішкі қорымыз толық. Халыққа жетеді. Экспорт та жалғасады», деді Ауыл шаруашылығы министрі.

Ақмола облысының 900-ден астам фермері 118 млрд теңгеге қолдау алып, мол өнім берді. Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов бұрын болмаған нәтижеге қол жеткізгенін хабарлады. Ақмола облысында рекордтық 7,6 млн тонна дәнді дақылдар

мен бұршақты дәнді дақылдар жиналған. Орташа түсім гектарынан 16,3 центнерді құрады. Ал Қостанай облысында 6,7 млн тонна бидай жиналды. Облыс әкімі Құмар Ақсақаловтың сөзінше, биыл 4,1 млн га алқаптан 6 млн 734 мың тонна бидай жиналған. Орташа түсім гектарынан 16,5 центнерді құраған. Майлы дақылдардан 839 мың гектар жиналған. Сонымен қатар Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов биыл 3 млн гектар алқаптан 6,5 млн тонна астық жинағанын айтты.

Елімізде қазір 2026 жылғы егін науқанына дайындық басталып кетті. Егіс құрылымын алдын ала жоспарлау жүріп жатыр. Өртарапандыру бағыты жалғасады. Суды көп қажет ететін дақылдар азайтылады. Жоғары табысты дақылдарға басымдық беріледі. Фермерлерді қаржыландыру мерзімінен бұрын іске асты. Облыстар 2 млн 300 мың тонна минералды тыңайтқыш қолдануға тиіс. Қаражат ашық әрі әділ бөлінеді. Жалпы, үйлестіру Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариев тапсырылды. Жиын соңына қарай О.Бектенов ауыл еңбегін жалпы ел мүддесімен сабақтастырды.

Сонымен қатар Үкімет отырысында спорт инфрақұрылымын дамыту мен бұқаралық спортты қолдау мәселелері қаралды. Онда Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов бұл бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады. Сондай-ақ Қазақстан футбол федерациясының басқатшылары Давид Лория, Қазақстан су спорты федерациясы, Олимпия ойындарының чемпионы Дмитрий Баландин, «Сана спорт» отбасылық спорт орталығының құрылтайшысы Руслан Ахметов баяндама жасады.

Премьер-министр басты мақсат халықтың спортпен қамтылу деңгейін арттыру және кәсіпқой спортшылар даярлау үшін қажетті жағдай жасау екенін атап өтті.

«Әрбір отандасмыздың өмір салтына айналуға тиіс спорттың дамуы Мемлекет басшысының үнімі назарында. Бұл орайда еліміздің барлық өңірінде спорттық инфрақұрылым мен бұқаралық спортты дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Басты мақсат – халықтың дене шынықтыру және спортпен қамтылу деңгейін арттырып, кәсіпқой спортшыларды даярлауға қажетті жағдай жасау. Барлық өңірде спорт инфрақұрылымын біркелкі дамытып, турғылықты жерлерге жақын спорт алаңдарының желісін құру қажет», деді О.Бектенов.

Жалпы, еліміздегі спорт нысандарының құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Былтырдың өзінде 90 нысан бой көтерсе, оның 61-і ауылдық жерлерде салынды. Биыл тағы 102 нысан пайдалануға беріліп, жұмыс аяқталатын болады. Спорт мектеп-интернаттарының дамуына ерекше көңіл бөлінді. Бірқатар өңірде, мысалы, Ұлытау, Абай, Алматы және Қостанай облыстарында әлі күнге дейін мұндай мекемелер жоқ. Үйлестіру жұмыстары Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға жүктелді.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – МАҢЫЗДЫ САЛА

3 қараша күні аудан әкімі Рахат Смағұловтың төрағалығымен аудан әкімдігінің кезекті отырысы өтті.

Күн тәртібінде аудандағы мал шаруашылығы дамыту туралы және ауданы аумағындағы ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары туралы мәселелер қаралып, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі басшысы Әлібай Құсайынов пен аудандық ветеринариялық станция директорының м.а. Азамат Әбішев кезек-кезек баяндама жасады.

Аудан әкімі ауыл шаруашылығының басым бағыты ретінде мал шаруашылығын дамытудың маңыздылығын

атап өтіп, өнімділікті арттыру және шаруа қожалықтарын қолдау бойынша жұмысты күшейтуді тапсырды.

Сонымен қатар, отырыста ветеринариялық қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аударылды. Аудан елді мекендеріндегі эпизоотиялық жағдайды бақылауды күшейтіп, алдын алу шараларын жүйелі түрде жүргізу қажеттігі атап өтілді.

Отырыстың қорытындысы бойынша аудан басшысы Рахат Смағұлов тиісті бөлімдер мен қызметтерге нақты міндеттер жүктеп, тапсырмалар берді.



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК АКЦИЯСЫ



Іс-шараға Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі Рахат Смағұлов пен аудан прокуроры Ғани Жалби, адвокаттар, заңгерлер, нотариустар, прокурорлар, сот орындаушылар, полиция қызметкерлері, әкімдік, өділет, салық органдарының мамандары қатысты.

Акцияның мақсаты – азаматтарға тегін құқықтық кеңес беру, өзекті мәселелерді шешуге жедел көмек

«ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ – 2025»

31 қазан күні аудандық Мәдениет үйінде тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру және тегін құқықтық көмек көрсету мақсатында «Халық заңгері – 2025» акциясы өтті.

көрсету, сондай-ақ жүйелік проблемаларды анықтау. Кез келген азамат

тарапынан құқықтық көмек ала алуға мүмкіндігі болды.

Акция барысында аудан тұрғындары өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, түрлі құқықтық мәселелер бойынша кеңес алды.

Мұндай кездесулер халық пен билік өкілдері арасындағы ашық диалогты нығайтып, қоғамдағы құқықтық мәдениетті арттыруға ықпал етеді.

ЖҰМЫС САПАРЫ

ТҮРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ –

АУДАН ӘКІМІНІҢ БАҚЫЛАУЫНДА



Аудан әкімі Рахат Смағұлов Булаев қаласында жаңа тұрғын үйлердің құрылысы жүріп жатқан нысанда болды.

Аудан басшысы құрылыс барысымен танысып, мердігермен жұмыстың аяқталу мерзімдері мен сапа мәселелерін талқылады. Рахат Нұрмұқанұлы үйлердің сапалы және барлық талаптарға сай салынуы қажет екенін атап өтті.

Жоба аясында 5 үй, жалпы 10 пәтер салынуда. Бұл аудан тұрғындарын баспанамен қамтамасыз етуге қосымша мүмкіндік береді.



АКЦИЯ

30 қазан күні булаев қаласында «Заң және тәртіп» тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде Мағжан Жұмабаев ауданының аумағында «Вейп тапсырыңыз – денсаулықты таңдаңыз!» атты профилактикалық акциясы өткізілді.

«ВЕЙП ТАПСЫРЫҢЫЗ – ДЕНСАУЛЫҚТЫ ТАҢДАҢЫЗ!»



Іс-шараны аудан прокуратурасы, полиция бөлімі, жастар ресурстық орталығы және еріктілер бірлесіп ұйымдастырды.

Акцияның мақсаты – жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау және вейптер мен құрамында никотин бар өнімдерді пайдалануға теріс көзқарасты қалыптастыру.

Ведомстволардың қызметкерлері мен еріктілері жасөспірімдермен түсіндірме әңгімелер өткізіп, вейптердің зияны туралы айтып, оларды сатуға және пайдалануға қолданыстағы заңнамалық шектеулер туралы еске салды. Барлық ниет

білдірушілер вейптерді өз еркімен тапсырып, денсаулық үшін саналы таңдау жасауға мүмкіндік алды.

Мұндай акциялар жасөспірімдердің құқықтық санасын арттыруға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және олардың денсаулығына жауапкершілікпен қарауды қалыптастыруға ықпал етеді.

Акция мейірімді атмосферада өтіп, аудан тұрғындары арасында оң пікір тудырды және жастар тарапынан белсенді қолдау тапты.

БИЛІК ПЕН БҰҚАРА

АУДАН ӘКІМІ АУЫЛДАРДЫ АРАЛАП, ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСТІ



29 қазан күні аудан әкімі Рахат Смағұлов жұмыс сапарымен Образец, Бинаш және Еремеевка ауылдарында болып, халықтың мұң-мұқтажын тыңдады.

Кездесу барысында тұрғындар желілердің жағдайы, ауыз су, жылыту және жол мәселелерін көтерді.

Әкім аталған мәселелерді шешу жолдарын қарастыру және қажетті шараларды дайындау бойынша тиісті орган мамандарына тапсырмалар берді.

Көтерілген барлық мәселелер аудан әкімдігінің бақылауында болады.



КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ: ӨМІРДІ САҚТАЙТЫН ҚАРАПАЙЫМ ЕРЕЖЕЛЕР

Өрт - бұл кенеттен пайда болатын және үлкен зиян келтіруі мүмкін апат. Көбінесе, оның себептері қарапайым нәрселерде жатады: өтпен абайсызда жұмыс істеу, ақаулы сығдар, неште ұмытылған ыдыс немесе дұрыс пайдаланылмаған жылыту пеші. Бзер Өз өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін сақтасаңыз, қайғылы жағдайдан арыла бейл аласыз.

Тұрмыстық өрттің негізгі себептері:

- Өтпен абайсызда жұмыс істеу - сөндірілмеген шамдар, сіріңкелер мен темекі.
- Электр аспаптары - желінің шамадан тыс жүктелуі, ақаулы розеткалар мен ұзартқыш сығдар.
- Газ жабдығы - газдың ағуы, плитаның дұрыс жұмыс істемеуі.
- Жылыту пештері - қызып кету, мұржадағы жарықтар, пеште заттарды кептіру.
- Балалардың өтпен ойнауы - қараусыз қалған сіріңкелер немесе оттықтар.

Өзіңізді және үйіңізді қалай қорғауға болады?

1. Қосылған электр құрылғыларын қараусыз қалдырмаңыз.
 2. Сымдар мен розеткалардың дұрыстығын қадағалаңыз, желінің шамадан тыс жүктелмеуі.
 3. Жылыту пешін дұрыс қолданыңыз:
 - оны қыздырмаңыз,
 - пештің есіктерін ашық қалдырмаңыз,
 - пеште заттарды кептірмеңіз,
 - мұржаны күйеден үнемі тазалаңыз.
 4. Сіріңкелер мен оттықтарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
 5. Ешқашан төсекте темекі шекпеңіз.
 6. Тамақты пеште қараусыз қалдырмаңыз.
7. Үйде өрт сөндіргіш немесе кем дегенде бір шелек құм болуы - қиын сәтте көмектесетін қарапайым шара.

Өрт кезінде не істеу керек?

Сабырлы болыңыз және 101 немесе 112 телефон бойынша өрт сөндіру бөлімін дереу шақырыңыз.

Мүмкін болса, есікті артынан жауып, бөлмеден эвакуацияланыңыз.

Өрт кезінде лифті пайдаланбаңыз.

Қатты түтін кезінде еденге бүгіліп, есік жаққа қарай жылжыңыз.

Есіңізді болсын: өртті сөндіруден гөрі алдын алу оңай!

Өзіңізді және жақындарыңызды қорғаңыз, күнделікті өмірде және пешті жылыту кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаңыз.

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

ҚАЗАҚСТАН СТАТИСТИКАСЫНА - 105 ЖЫЛ



Биыл Қазақстан мемлекеттік статистикасының құрылғанына 105 жыл. Осы уақыт ішінде сала заман талабына сай дамып, халыққа сапалы әрі ашық ақпарат ұсынатын деңгейге жетті. Ауданымызда статистика қызметі өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты барлық маңызды деректерді жинап, талдау жасап келеді. Бұл мәліметтер аймақтың нақты ахуалын бағалауға және алдағы жоспарларды белгілеуге көмектеседі.

Бүгінде статистикалық ақпарат халықаралық стандарттарға сай жүргізіледі. Соңғы жылдары барлық мәліметтер электронды форматта қолжетімді болды. stat.gov.kz сайты үш тілде жұмыс істейді. Сондай-ақ пайдаланушылар «Талдау» жүйесі арқылы деректерді график, диаграмма түрінде көре алады.

Статистика - бұл біздің өмірімізді әсірелемей сипаттайтын сандар. Барлық мемлекеттердің өмірінде ресми статистиканың рөлі өсуде. Кез келген салада уақытылы және объективті ақпараттарсыз тиімді шешімдер қабылдау мүмкін емес.

Статистикалық органның негізгі міндеттерінің бірі - барлық пайдаланушыларды толық, шынайы және жедел статистикалық ақпаратпен қамту болып табылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің жыл сайынғы Жолдауында жиі назар аударатын тағы бір мәселе, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы - азаматтардың барлық конструктивті сұраныстарына жедел және тиімді жауап беру.

Соңғы уақытта статистика саласы пайдаланушыларға уақытылы, объективті және қолжетімді болып түбегейлі өзгерді. Ресми статистикалық ақпаратқа пайдаланушылардың қол жетімділігі артты.

Қазақстандық статистиктердің тарихи даму кезеңінде барлық табыстар мен жетістіктерге ең бірінші жоғары дәрежелі, өз ісіне берілген адал мамандар арқылы қол жеткізді. Сондықтан мен аудандық статистика басқармасының ұжымы жайлы сөз етпекпін.

Біздің ұжымда 3 маман, халықты



жұмыспен қамтуды тексеру бойынша 1 интервьюер және халықтың өмір сүру деңгейін зерттеу бойынша 1 интервьюер, жүргізуші жұмыс істейді.

Басқарманың ең тәжірибелі қызметкері - ол бас маман Роза Әмренова. Ол статистика саласында 30 жыл еңбек етеді. Роза Әлімжанқызы - Омбы гуманитарлық академиясының Целиноград кооперативтік техникумы мен экономика факультетін бітірген. Статистика қызметіне келгенге дейін ол 7 жыл Булаев дайындау кенесінде экономист болып жұмыс істеді.

Жетекші маман - Алтынай Абабаева да тәжірибелі қызметкер. Статистика басқармасында 25 жыл қызмет етеді. Алтынай Есләмқызы - Көкшетау мемлекеттік университетінің экономика факультетін бітірген.

Тағы бір жетекші маман - Жазира Теміркина басқармаға 11 жыл бұрын келген. Ол - №3 Булаев орта мектебін, СҚМУ-дің Жаратылыстану-география факультетін, Көкше академиясының экономика факультетін бітірген. Жазира Кенжебайқызы 2014 жылдан 2018 жылға дейін жұмыспен қамту бойынша сауалнаманың сұхбат алушысы болды, содан кейін жетекші маман ретінде мемлекеттік қызметке ауысты.

Барлық мамандар да өздерінің мұқият, бастамашыл және жауапты қызметкер ретінде көрсете білген майталман мамандар. Мәселен, олардың ішіндегі тәжірибесі мол Р.Ә. Әмренова мен А.Е. Абабаева 2012 жылы ҚР Үкіметінің Қаулысымен статистика тарихында алғаш рет бекітілген «Статистика үздігі» төсбелгісімен, көптеген Алғыс хаттармен және Құрмет грамоталарымен марапатталғанын атап өтуге болады.

Аудандық статистика басқармасының ұжымы - шағын болғанымен өте тату және өз жұмысын табысты атқаратын ұйымшыл команда ретінде танытқан қызметкерлер.

Статистиктер үшін 2025 жыл-дың басты оқиғасы - ұлттық ауылшаруашылық санағын өткізу, ол үшін биылғы мамырдан желтоқсанға дейін 3 нұсқаушы-бақылаушы жұмысқа тартылды, олар да ішінара статистиктерге айналды. Сонымен қатар, санақтың негізгі кезеңінде 2025 жылдың 20 қыркүйегі мен 20 қазаны аралығында 13 сұхбат алушы тартылды, олар планшете ауданның үй шаруашылықтарына сауалнама жүргізді.

Статистиканы қоғамның дамуының айнасы деп бекер айтпаса керек, себебі бірде бір мемлекет пен адам статистикасыз өмір сүре алмайтыны анық. Біздің кішкене бөлшегімізге айналған цифрларымыз облыс және жалпы республикада өткізіліп жатқан реформалардың басты қозғаушы күшіне айналғанына мақтанамыз.

Бүгінгі айтулы күнде ресми статистиканы дамуы мен гүлденуі ісінде мемлекеттік статистика органдарының барлық министрліктер мен ведомстволар, жергілікті атқару органдары, ғалымдар, респонденттермен және басқа да пайдаланушылармен өзара қарым-қатынас құруы өте маңызды іс екенін айта кеткім келеді.

Құрметті әріптестер, Сіздерді айтулы мереке - Қазақстан Республикасы статистика органдарының құрылғанына 105 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын!

Сіздерге шын жүректен барлық жоспарларыңыздың іске асуына, жарқын болашақ, қаржылық әл-ауқат, кәсіби табыстар, шығармашылық жетістіктер мен өркендеу, қызметкерлерге мықты денсаулық және сәттілік тілеймін!

Бақыт ОМАРОВА,
Мағжан Жұмабаев ауданы
статистика басқармасының
басшысы.

КОШПЕЛІ СЕМИНАР

ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ АУДАНДА АУДИТОРЛЫҚ ІС-ШАРА ӨТКІЗДІ

2024 жылы тексеру комиссиясы 48 объектіде 13 аудиторлық және сараптамалық-талдау іс-шараларын өткізді (12 объектіде 3 сараптамалық-талдау іс-шаралары). Сондай-ақ 5 кезікке тексеру жүргізілді.

Аудитпен 91,5 млрд. теңге қамтылды. 1,6 млрд. теңге сомасына бұзушылықтар анықталды, оның ішінде қаржылық бұзушылықтар - 508,1 млн. теңге (31%), қаржылық есептіліктің бұрмалануы - 1,2 млн. теңге (0,1%), тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты, мемлекет активтері - 1,1 млрд. теңге (67%), тиімсіз жоспарлау - 25,8 млн. теңге (2%). Жергілікті бюджетке 15,0 млн. теңгеге шығын келтіріліп, 320 рәсімдік бұзушылықтар, 8 кемшіліктер анықталды.

2025 жылдың 9 айында 35 нысанда 6 аудиторлық іс-шара және 1 сараптамалық-талдау іс-шарасы өткізілді. Аудитпен 117,7 млрд. теңге қамтылды.

11,2 млрд. теңге сомасына бұзушылықтар анықталды, оның ішінде қаржылық бұзушылықтар - 205,3 млн. теңге (1,8%), тиімсіз жоспарлау - 10,5 млрд. теңге (94,1%), тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты, мемлекет активтері - 455,2 млн. теңге (4,1%). Жергілікті бюджеттің шығындары 104,0 мың теңге сомасында, бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі

Қаржылық тәртіпті күшейту, жүйелі қаржылық бұзушылықтардың, кемшіліктердің, мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзушылықтардың, сондай-ақ бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау мен пайдаланудың алдын алу және болдырмау мақсатында 2025 жылдың 31 қазанында Тексеру комиссиясының мүшесі А.Е. Қарабеков Мағжан Жұмабаев ауданында аудан әкімі аппаратының, ауылдық округтер әкімдерінің, бөлім басшыларының және бюджеттік мекемелердің бас бухгалтерлерінің қатысуымен семинар (дөңгелек үстел) өткізді.

шығындар - 1,0 млн. теңге сомасында анықталды. Бұдан басқа, 248 рәсімдік бұзушылық, 4 кемшілік анықталды.

Анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы көлемінің негізгі үлесі аудандардың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімдеріне 48% және аудандардың білім бөлімдеріне 16% тиесілі екені атап өтілді.

Кездесуде аудиторлық іс-шараларысында анықталған негізгі бұзушылықтар, сондай-ақ қаржылық бақылауға ден қою шаралары айтылды.

Аудит объектілері: бюджет қаражатын қызметкерлердің карт-шоттарына негізсіз аудару, оның ішінде жалақы, қосымша ақылар және басқа да ақшалы төлемдер бөлігінде; іссапар шығыстарын төлеу кезінде артық аударымдар (күндерді дұрыс есептемегені және қолданыстағы заңнамада көзделмеген жол жүру ақысын төлегені үшін); жанар-жағармай

материалдарын артық есептен шығару; ағымдағы және күрделі жөндеулер бойынша орындалмаған немесе сапасыз орындалған жұмыс көлемі үшін ақы төлеу; қаржылық есептіліктің (бухгалтерлік есептің тиісті шоттарындағы талдамалық есепте негізгі құралдардың танымалына, ал шығыстарға есептен шығарылуына, сондай-ақ негізгі құралдарға амортизацияның есептелмеуі немесе дұрыс есептелмеуіне байланысты), мемлекеттік сатып алуды жүргізу рәсімдерінің бұрмалануы.

Сондай-ақ, жүйелі кемшіліктер, оның ішінде аудандардың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімдерінің жалға алушылармен коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді жалға алу бойынша шарттар жасаспауы және қолданыстағы заңнамаға сәйкес келмейтін есептік мөлшерлемені қолдану бөлігінде айтылды, бұл жалдау ақысының

түспеуі (жеткіліксіз түсуі) түріндегі бюджет шығындарына әкеледі.

Анықталған бұзушылықтардың себептері Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын тиісінше сақтамау, мемлекеттік аудит объектілері қызметкерлерінің құқықтық сауаттылығы деңгейінің жеткіліксіздігі, басшы органдар тарапынан бақылаудың әлсіздігі, мердігерлік ұйымдардың шарттық міндеттемелерді тиісінше орындамауы, сондай-ақ бухгалтерлік қызметтер тарапынан құжаттарды рәсімдеудің дұрыстығы тұрғысынан тиісті тексерудің болмауы болып табылады.

Осыған байланысты Тексеру комиссиясы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын қатаң сақтауды қамтамасыз етуге, бюджет қаражатының тиімді және мақсатты пайдаланылуын бақылауды күшейтуге, сондай-ақ мемлекеттік ұйымдардың қызметкерлері үшін құқықтық жаппай оқытуды тұрақты негізде жүргізуге бағытталған ұсынымдар мен тапсырмалар берді.

Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөлімі.

МЕЙІРІМ МЕН ҚАМҚОРАЛЫҚ ИЕЛЕРІНІҢ МЕРЕКЕСІ

Қазан айының соңғы жексінбейінде салтанатты алауыздықпен қызметкерлерінің мерекесі тойланады. Аталған жүйе қызметкерлері еліміз Тәуелсіздік алған алғашқы күнінен бастап, халыққа және қалың жұртқа қажет ететін жандарға қатыссыз қызмет етуде. Осыған орай, аудан ерталығы – Бұласта қаласында әлеуметтік сала қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне арналған салтанатты шара өтті.



Жиын ауданның түкпір-түкпірінен келген әлеуметтік сала қызметкерлерін, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі жандарды, көп балалы отбасыларды, сондай-ақ өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарды қолдау мақсатында ұйымдастырылып, қамқорлық пен мейірім нұрын төгетін жандарды бір арнаға тоғыстырды.

Кәсіби мереке иелерін аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Азамат Шәріпов құттықтап, аудан әкімі Рахат Смағұловтың алғысын жеткізді.

Әлеуметтік қызметкердің басты міндеті – мейірім мен қамқорлық. Олар күн сайын қолдауды қажет ететін адамдарға көмек қолын созуға әрқашан дайын тұрады.

Бүгін біз ең қамқор, ең мейірімді жандар – әлеуметтік қызметкерлердің еңбегіне құрмет көрсетіп, алғыс білдіруге жиналып отырмыз. Бұл күн ізгілікпен адамгершілікке, жан жылуына толы ерекше мереке.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Әлеуметтік сала – қоғамның басты бағыты. Адамзаттардың әл-ауқатын арттыру, тұрмысы төмен және мұқтаж жандарға нақты көмек көрсету – біздің басты міндетіміз», - деп атап өткен болатын.

Сондықтан әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесін кеңінен атап өту – халқымыздың жүрегінен орын алған игі дәстүр. Өйткені сіздердің әрбір күндеріңіз қайырымдылықпен көмкеріліп, әр істеріңіз ізгілікпен өрілген. Тағдыр тауқыметін тартқан, қолдауға зәру жандарға үміт сәулесін жағып, жүрек жылулығын сыйлау сіздердің өмірлік ұстанымдарыңыз. Уақытпен санаспай, жеке мүддені кейінге қалдыратын сіздердей абзал жандарға құрметті зор.

Адам өміріне сенім, жанына үміт сыйлаған сіздердің төл мерекелеріңіз

құтты болсын, - деп Азамат Сайранұлы осы салада аянбай еңбек етіп жүрген бір топ қызметкерлердің есімін атап өтті.

Құттықтау сөзінен кейін аудан әкімінің орынбасары Бірқатар әлеуметтік қызметкерге көпжылғы адал еңбегі, халықты әлеуметтік қорғау жүйесін дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін және әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне байланысты облыс және аудан әкімінің Құрмет грамоталарын, Алғыс хаттарын салтанатты түрде табыс етті.

Содан соң, сахна төріне жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Бақытжан Ысқақова көтеріліп, әріптестеріне ізгі тілектерін арнады.

Әлеуметтік сала қызметкерлерінің еңбегі әрқашан өлшеусіз. Биылғы жыл – ел игілігі жолында аянбай еңбек етіп жүрген қарапайым еңбек адамын ұлықтауға

арналған. Осы ретте, құрметті әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің аталмыш салада жеткен жетістіктерінің барлығы еселі еңбектің жемісі екені сөзсіз.

Ендеше, Сіздерге және жанұяларыңызға мықты денсаулық, қажымас қайрат, мол бақыт, еңбектеріңізге табыс тілеймін, - деп Бақытжан Нұрмұқанқызы сала қызметкерлеріне Алғыс хаттар табыс етті.

Сондай-ақ бұл күні аудандық мансап орталығының мамандары да марапатсыз қалмай, мекеме директоры Динара Мұхамеджанованың Алғыс хатына ие болды.

Одан әрі салтанатты-шараны аудандық Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары жалғастырып, мерекелік көшті әдемі әндер мен ұлттық билер арқылы өрбітіп, мереке иелеріне керемет көңіл-күй сыйлады.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

КІТАПХАНАШАҒЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Өткен аптада аудандық Мәдениет үйінде кітапханашылардың кәсіби мерекесіне орай, «Білім үңірі - Сіздің қолыңызда» атты семинар-құттықтау ұйымдастырылды.

Кітапханашылар күні - бұл сала өкілдерінің мерейін асырып, кітап сүйер қауымның қуанышын еселейтін мереке. Сондықтан кәсіби мейрамға орай, жуырда бірқатар ауқымды іс-шаралар өткен болатын.

Мәселен, 24 қазан күні аудандық ОКЖ қызметкерлері Сәбит Мұқанов атындағы облыстық әмбебап кітапханасында ұйымдастырылған «Шабыт аумағы» атты облыстық мерекелік іс-шарасына қатысты. Мереке кітап оқырманға сүйсініп, шіркінмен және шабытпен қызмет ететін жандарды біріктіріп, үздік мамандардың басын қосты.

Іс-шара аясында марапаттау рәсімі

өтіп, онда біздің әріптестеріміз - Молодогвардейское ауылдық кітапханасының кітапханашысы Гүлнәр Төлтаева «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгісімен марапатталса, Байтерек ауылдық кітапханасының кітапханашысы Ольга Выходцева Қазақстан Республикасы Ұлттық Академиялық кітапханасының (Астана қ.) Алғыс хатына ие болды.

Сондай-ақ біздің кітапханашылар «Кітапханашының аспалдық кітабы» атты ерекше байқауға қатысып, ОКЖ директоры Сандуғаш Бекішева, ОКЖ кітапханашысы Маржан Тұяқова және Байтерек ауылдық кітапханасының кітапханашысы Ольга Выходцева Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романында айтылған тағамдарды ұсынды.

Арнайы дайындалған тағамдар ұлттық қазақ тағамдарының байлығын ашып,

әдеби мұраның халықтың мәдени дәстүрлерімен терең байланысын паш етті. Шығармашылығы, шынайылығы мен мәнерлілігі үшін ауданның ОКЖ командасы «Ұлттық ерекшелік» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды.

Ал ауданда өткен семинарда кітапты сүйетін, білім мен парасаттың жолында адал қызмет етіп жүрген мағжандық кітапханашыларды аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріпов құттықтады.

Кітапханашы күні - қызметкерлердің ғана мерекесі емес, ол оқырмандардың да мерекесі. Кітапханалар - ғасырлар бойы көле жалған биік парасаттылық пен білімділіктің киелі ордасы, ал кітап пен кітапхананың тіршілігіне жан беретін, ұлттық құндылықтар мен оқырмандар арасын жалғастырушы ол - кітапханашылар.

Сондықтан Сіздерді кәсіби мереке-леріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке, еңбектеріңізге шығармашылық табыстар тілеймін, - деп Азамат Сайранұлы жылы лебізін білдірді.

Іс-шара барысында «Аманат» партиясы аудандық филиалының жауапты хатшысы Қайнолла Сматов, ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының м.а. Бүркіт Қасымов, ОКЖ директоры Сандуғаш Бекішева кезек-кезек сөз алып, білімге ұмтылған оқырманның табылар жері - кітапхана екенін, жаңа технология заманында да кітап адамның ой-өрісіне ықпал жасап, рухани азығы болып қала беретінін айтып, кітапханашыларға маңызды еңбектері мен мәдени мұраны сақтау жолындағы үлестері үшін шынайы алғыстарын білдірді.

Іс-шара аясында ауданның үздік кітапханашыларын марапаттау рәсімі өтті.

Қарақоға ауылдық кітапханасының кітапханашысы И.А. Шершенева мен Гавринов ауылдық кітапханасының кітапханашысы Н.А. Чикунова «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгісімен марапатталса, ОКЖ әдіскері О.Д. Жигаева Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің Құрмет грамотасына, ал Возышенка ауылдық кітапханасының кітапханашысы А.М. Жұматаева Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының Құрмет грамотасына (Алматы қ.) және Советское ауылдық кітапханасының кітапханашысы Т.М. Ивочкина Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының Алғыс хатына ие болды.

Сондай-ақ бірқатар кітапханашы аудан әкімінің Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен марапатталып, Республикалық мәдениет қызметкерлері кәсіподағының Алғыс хаты табыс етілді.

Әр марапат - үлкен уәдесің, күнделікті еңбектің, кәсібиліктің және кітапхана ісіне деген шынайы сүйіспеншіліктің дәлелі.

Бұл - кітапхана еңбегінің және кітап пен оқырманға адал қызмет ететін жандардың маңыздылығын мойындау болып табылады.

